



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматыда ұлттық валюта – теңге банкноталары мен монеталарының көрмесі өтіп жатыр

Алматы қ.

2024 жыл, 14 қараша

Алматы қаласында JusanVibe арт-кеңістігінде ҚР Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚҰБ) теңге банкноталары мен коллекциялық және инвестициялық монеталарының көрмесі өтіп жатыр. Экспозиция ұлттық валюта – теңге күнін мерекелеуге орайластырылған.

«Ұлттық төл валюта – тәуелсіздік пен егемендіктің нышаны, мемлекеттегі ақша жүйесінің негізі. Ұлттық Банк өткізетін экспозицияның мақсаты – қалың аудиторияны ұлттық валюта – теңге тарихымен, «Сақ стилі» банкноталарының жаңа сериясымен, инвестициялық және коллекциялық монеталармен таныстыру», - деді көрменің ашылуында ҚҰБ Төрағасының орынбасары Виталий Тутушкин.

ҚҰБ бас дизайнері Санжар Нұрқасымов «Сақ стилі» сериясындағы банкноталардың тұжырымдамасы туралы айтып берді: «Жаңа серияның негізгі мақсаты – ұлттық валютаның қорғаныш дәрежесін арттыру, пайдалануға ыңғайлы ету және Қазақстанның мәдени құндылықтары мен тарихын дәріптеу».

Көрме тұжырымдамасында екі тақырыптық экспозиция көзделген – ҚҰБ теңге банкноталары мен инвестициялық және коллекциялық монеталары.

Көрме **22 қарашаға дейін жалғасады**. Оған қатысқысы келетіндердің барлығы 17 қараша демалыс (жексенбі) күнін қоспағанда, **09:00-ден 18:00-ге дейін бара алады**.

Көрме өтетін орын: Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 36, «First Heartland Jusan Bank» АҚ ғимараты, JusanVibe арт-кеңістігі.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz